



БҰЙРЫҚ

28.02.2025 № 11-1-4/114

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2025 жылға арналған мемлекеттік
гранттардың басым бағыттарының
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2025 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының қосымша тізбесі (бұдан әрі –Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Коммуникациялар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 04/27-64 хаты.

Исполняющий обязанности Министра

А. Рахметуллин



027967